

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

Қамқоршылық кеңесінің №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 21 тамыз 2023 жыл

Өткізілген орны: Гимназия мәжіліс залы

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылында оқушылардың мектеп формасы туралы.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына қолдау көрсету.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2023–2024 оқу жылына арналған құрамын бекітуге ұсыну.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.З.Кайржанова сөз алды.

2023–2024 оқу жылында оқушылардың мектеп формасы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы негізінде орындалуы тиіс екендігі атап өтілді.

Жыл сайын ата-аналарға оқушылардың мектеп формасына қойылатын талаптар түсіндіріліп, ақпараттық жұмыс жүргізіледі.

Биылғы оқу жылында мектептің 1-қабатында ер балалар мен қыз балалардың мектеп формасының үлгісі арнайы стендке орналастырылып, көрнекі түрде көрсетілді.

Сондай-ақ, мектеп әкімшілігі аталған үлгілерді мектептің ресми сайтына және әлеуметтік желілерге жүктеп, ата-аналарды ақпараттандырды.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Жумахметова А. Т.-қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Ол «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына көрсетілетін қолдау туралы баяндады.

2023–2024 оқу жылына арналған жалпыға міндетті оқу қоры есебінен мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін балалардың тізімі жасалып, тиісті құжаттары қаралды.

Сонымен қатар, ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз табыс табатын отбасылардың жағдайы тексеріліп, үй-тұрмыс жағдайы туралы актілер толтырылды.

3-мәселе бойынша

Сөз алды: А.З.Кайржанова -кеңес төрайымы:

2023–2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекітуге ұсынды.

Кеңес мүшелерімен таныстырып өтті, жаңа оқу жылына арналған құрамның мектеп ұжымымен және ата-аналармен келісілгені айтылды.

Лямов Данияр Гизатоллаевич-кеңес төрағасы

1. Свешников К.
2. Матжанова Г. Ж.
3. Кайркулова А.Е.
4. Кинжеева А. К.
5. Жумахметова А. Т.
6. Аңшыбау Ғ. Ш.
7. Хамзина Г.М.
8. Сургучева Е.В
9. Давлетова А.К.
10. Жумабаев К.Ж.

11. Коптлеуов Н.Б.

12. Берлібек Д.Л.

13. Пудикова А.Д.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына 2-қосымша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы негізінде бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі туралы ережемен» таныстырып өтті.

Баяндамашы Қамқоршылық кеңесті сайлау кезінде үміткерлердің ұсынуы қажет құжаттар тізімімен таныстырды:

1. Еркін түрде жазылған өтінім;
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3. Қазақ немесе орыс тіліндегі түйіндеме;
4. (бар болған жағдайда) Білімі туралы құжаттың көшірмесі;
5. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын анықтамалар.

Сонымен қатар, үміткерлер өздерінің кәсіби немесе қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсына алатыны хабарланды.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылында оқушылардың мектеп формасының сақталуы 1-11 сыныптың ата-аналар жиналыстарында ата-аналар комитеттері қадағалау.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына көмек көрсетуді оқу жылында қарастыруды қамқоршылық кеңесі мектептің бюджеттік есебіне сәйкес орындау.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына құрамын бекітілсін

Кеңес төрайымы:  Кайржанова А.З.

Хатшы:  Садыкова Л.М.

